



Елдегі пойыздарда интернет жүйесі іске қосылды

Елімізде жолаушыларға ғаламтор қолжетімділігін ұсынған алғашқы қанатқақты жоба аясында №3/4 «Астана-Алматы» пойызы елордадан жолға шықты.

Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі мәлімдеді.

Аталған бағыттағы сапар 17 сағатқа созылады. Алғашқы сапарда 500 жолаушы ғаламторға қосылу мүмкіндігін қолданды.

Жолаушылар жаңа қызмет арқылы WhatsApp-та бейнеқоңырау жасап, YouTube-тан бейнероликтер көріп және басқа да танымал ғаламтор-сервистерді пайдаланды. Алайда, торренттер мен ағынды жүктеу сайттарына кіруге шектеу қойылғанын ескерген жөн. Жолаушылардың айтуынша, ұзақ сапарларда ғаламтордың қолжетімділігі жол

атап өтті «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Ахметжанов.

Жобаны жүзеге асыру Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Көлік министрлігі, сондай-ақ, «Jusan Mobile» телекоммуникациялық компаниясы мен Қазақстандағы Eutelsat-OneWeb ресми дистрибьюторының бірлескен жұмысының нәтижесінде мүмкін болды.

- ҚТЖ пойызында төмен орбиталық Eutelsat-OneWeb спутниктік технологиясын қолдану арқылы қанатқақты жобаның іске қосылуы – көлікті цифрландыру бағытындағы маңызды қадам. Әріптестерімізбен атқарылған жұмыстың нәтижесінде күрделі жағдайларда да жолаушыларға тұрақты және жоғары жылдамдықты (50-100 Мб/с) ғаламтор ұсыну



жүруді әлдеқайда қолайлы әрі қызықты етеді.

Пойыздағы ғаламтор заманауи спутниктік технологиялар арқылы іске қосылған. Локомотивке орнатылған спутниктік құрылғы бір пойыз құрамында тұрақты және жоғары жылдамдықты ғаламторға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

- Пойыздарда ғаламторды енгізу-жолаушылар тасымалын дамыту жолындағы маңызды қадам. Біз саяхаттарды заманауи талаптарға сай ұйымдастырып, ақпарат пен байланысқа қолжетімділікті толық қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды жүзеге асырудамыз. Бұл жоба жолаушыларға байланыста қалып, әрі жұмыс істеп, әрі демалуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта біз осы қызметті кеңейтіп, алдымен «Тальго» пойыздарының барлық 15 бағытына ғаламтор енгізуді жоспарлап отырмыз, – деп

мүмкін болды. Бұл жетістік еліміздің цифрлық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашып, қазақстандықтардың сапарларын бұрынғыдан да қолайлы етеді, – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиев.

Жоба аясында билеттерді тексеруге арналған мобильді терминалдар, пойыз басшылары үшін бейнерегистраторлар және бейнебақылау жүйелері орнатылды. Барлық жазбалар автоматты түрде бұлтты деректер қоймасында сақталып, бақылау мен қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ғаламтордың енгізілуі мейрамхана вагонындағы төлем жүйесіне өзгеріс әкелді. Енді жолаушылар тапсырыстарын жол барысында POS-терминалдар арқылы төлей алады.

«Созақ үні»-ақпарат.



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есебі мен 2025 жылға арналған монетарлық реттеу жоспары баяндалды.

Президентке Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру және инфляция деңгейін ортамерзімді мақсатқа сәйкес 5 пайызға жеткізу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2024 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық банктің болжаған шегінде қалыптасқаны, яғни 8,6% пайызды құрағаны айтылды. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, сыртқы инфляциялық қысым күшейіп, ішкі инфляциялық тәуекелдер әлі де сақталып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет

басшысы Ұлттық қордың активтері, алтын-валюта резервтері және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жай-күйі жөнінде ақпаратты тыңдады. Атап айтқанда, 2024 жылы Ұлттық қор активтерін басқарудан түскен табыс 7,5 пайызға артып, 4,5 миллиард долларды құраған. Ал Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард долларға жетіп, 27,4 пайызға ұлғайған. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудан түскен инвестициялық табыс 3,4 триллион теңгені құрады. Ал кіріс көрсеткіші инфляциядан екі есе асып түсіп, 17,8 пайызға жетті.

Президентке валюта нарығындағы жағдай таныстырылып, теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндалды.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов банк секторындағы

жағдайдың тұрақтылығы, депозиттер базасының қалыпты өсімінің жалғасуы, сондай-ақ қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен макропруденциялық саясаттың тиімділігін арттыру жоспары жөнінде айтты.

Ұлттық банк төрағасы Президентке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту нәтижелері мен Антифрод-орталығының қызметін таныстырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инфляцияны тежеп, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк пен Үкімет макроэкономикалық саясатты үйлесімді жүргізуі қажет екенін атап өтіп, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

2025 жылы әскери дайындыққа неше азамат шақырылады?

2025 жылы әскери дайындыққа 3 мың әскери міндетті шақырылады. Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың тиісті бұйрығы «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Құжат 7 ақпанға дейін талқылауға қолжетімді болады.

Әскери дайындық 2007 жылдан бастап, жыл сайын өткізіледі және ұзақтығы 30 күнге дейін болады. Дайындыққа қатысудан жалтару 5 айлық есептік көрсеткіш (19 660 теңге) мөлшерінде айыппұл салуды қарастырады.

Әскери дайындық кезінде әскери қызметшілердің жұмыс орындары мен лауазымдары сақталады. Оларға орташа жалақы



төленеді, ал жұмыс істемейтіндерге – мемлекеттік бюджет есебінен ең төменгі жалақы беріледі.

Әскери міндеттілерді жинақ орнына жеткізу және оларды кері қайтаратын көлік қызметі, сондай-ақ тамақтандыру Қорғаныс министрлігі есебінен жүзеге асырылады. Әскери міндеттілер казарма жағдайында ұсталады. Оларды бөлімнен босату ротаның командирлерімен жүзеге асырылады.

2023 жылы Қорғаныс министрлігі 1,5 мың қазақстандықты әскери дайындыққа шақырған болса, 2024 жылы – 3 мың адам шақырылды.



Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында жүзеге асырылған реформалар.

Инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың орындалуы.

Алдағы міндеттер: 1. Экономикалық тәуелсіздікті арттыру: Ұлттық өндірісті күшейту, импортты алмастыру. Инновация мен технологияға негізделген жаңа өндірістерді құру.

2. Әлеуметтік саланы дамыту: Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту. Білім беру және денсаулық сақтау

Пікір алмасу жиыны өтті

Аудандық орталық кітапхананың қызметкерлері мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2025 жылдың 3 қаңтарында "Ана тілі" газетінде жарияланған "Мақсатым - экономикамен егемендікті нығайту" атты сұхбаты негізінде пікір алмасу ұйымдастырды.

Пікір алмасу аясында «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Мемлекет басшысының 2024 жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған жолдауы және жоғарыда аталған сұхбаты туралы арнайы ақпараттық көрме қойылды. Көрмеге

жолдау мәтіні, сұхбат үзінділері және осы тақырыпқа байланысты баспасөз материалдары ұсынылды.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің қызметкерлері: Б.Жұмабаева, библиограф Е.Дайрабай мақалада Мемлекет басшысы өткен жылдың қорытындылары мен алдағы жоспарларды атап өтіп, негізгі бағыттарды айқындағанын, оның ішінде экономиканы дамыту арқылы егемендікті нығайту басты мақсат ретінде қойылғанына тоқталды.

Өткен жылғы жетістіктер: Экономиканың тұрақтылығы мен өсуі, негізгі салалардың қарқынды дамуы.

салаларын жетілдіру.

3. Жаңа реформалар: Мемлекеттік басқару жүйесін тиімді ету. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділдікті нығайту.

Мақалада халық пен биліктің бірлескен жұмысы елдің тұрақты дамуы мен егемендігін сақтаудың кепілі екені баса айтылған. Экономикалық тәуелсіздік пен тұрақты даму арқылы Қазақстанның халықаралық аренадағы позициясы да нығайтылады делінгені жайлы талдап, шолу жасады. Кітапханашылар өз пікірлерін ортаға салып, ойларымен бөлісті.

Ағымдағы жылдың 20-29 қаңтары аралығында Созақ ауданы аумағында республикалық «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Осыған орай, жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтардың алдын алу, бей-мезгіл уақытта ата-ана



бақылауынсыз үй-жайынан тыс жерлерде компьютерлік ойынханалар мен мейрамханада болуларына тыйым салу, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерге темекі бұйымдары мен спирттік ішімдік сататын кәсіпкерлік нысандарға тосқауыл қою мақсатында, Созақ аудандық "Жастар ресурстық орталығы" КММ және полиция бөлімі бірлесе, Созақ ауылында кезекті түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылықтар мен кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қылмыстың алдын алуға және болдырмауға, олардың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шара аудан көлемінде бекітілген кестеге сәйкес жалғасатынын хабарлаймыз!

Құрметті ата-ана!

Өз балаңыздың өміріне өзіңіз жауапты екеніңізді ұмытпаңыз! Сондықтан әрбір ата-ананың назарына кәмелет жасына жетпеген балаларын қараусыз қалдырмауды, бала тәрбиесімен тұрақты айналысу қажет екендігін ескертеміз!

«Созақ үні» ақпарат.

Ұшқыр ой мен шешен тіл

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Созақ ауылдық округі жастары ісі жөніндегі әдіскері Х.Жақсылыққызының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой мен шешен тіл» тақырыбында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Сайыстың мақсаты жастардың ой өрісін және танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу және өткенді шапшаң еске түсіру дағдыларын қалыптастыру.

Сайыс барысында Бола-

шақ, Білгір, Сұңқар атты үш топ бақ сынады.

Сайысқа №1 колледждің тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары Атажиев Руслан ағай төрелік етті.

Үш кезеңнен тұратын сайыста жастар өздерінің білімділіктерін және жылдамдықтарын көрсетті.

Сайыс нәтижесінде I орынды - Сұңқар командасы, II орынды - Білгір командасы қанжығаларына байласа, ал III орынға - Болашақ командасы ие болды.

ҚҰМАР ОЙЫННЫҢ ЗАРДАБЫ



жоғалтып, өмірінің басқа маңызды аспектілерін елемей қояды. Бұл ауру психологиялық, әлеуметтік және қаржылық проблемаларға әкеліп соғуы мүмкін. Лудоманияны емдеу үшін психотерапия, дәрі-дәрмек және арнайы қолдау топтары қолданылады.

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Қарақұр ауылдық округі жастары ісі жөніндегі әдіскері Ә.Әділханнның ұйымдастыруымен жастар арасында «Лудомания» құмар ойын зардабы тақырыбында психолог маманының қатысуымен жастар арасында кездесу өткізілді.

Кездесудің басты мақсаты өсіп келе жатқан жасөспірімдерді мейлінше осындай қауіп-қатерден барынша сақтау, қорғау, жалпы құмар ойындарының зардабы елдің дамуына кері әсерін тигізіп, адамның кері кетуіне ықпал ететіндігін нақты ұғындыру болды.

Лудомания- бұл құмар ойындарға деген патологиялық тәуелділік, яғни адам ойына деген бақылауды

АУДАН БАСШЫСЫ КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков облыстық маңызы бар «Шолаққорған-Шаян-Шымкент» бағытындағы «Одаман» асуы мен «Шолаққорған-Ащысай-Түркістан» бағытындағы «Торлан» асуында болды. Көлік қозғалысы мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарды саралады. Жылыту бекеттерінің жай-күйімен танысты. Бұл бағыттағы жұмыстарды оңтайландырып, тиімділігін арттыру



үшін қосымша шаралар қажеттігін айтты.

Айта кетейік, 22 қаңтар күні Шолаққорған -Ащысай бағытындағы тас жолының 25-30 шақырымында ауа райы қолайсыздығына байланысты қар құрсауында қалып қойған жалпы саны 14 техника (3 ауыр және 11 жеңіл автокөлік) жолаушыларымен құтқарылды.


Құтқару жұмыстарына аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің арнайы жасағы және аудан басшысының бақылауымен «Созақ сәулет» КММ тарапынан 2 дана ауыр техника жұмылдырылды.

Қар мен дауылдың салдарынан туындаған мәселелер дер кезінде шешіліп, аталған бағыттардағы көлік қозғалысы қалыпқа келтірілді.

ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ТОП ЖАРДЫ

Қаңтар айының 21-25 күндері аралығында Жетісай қаласында еркін күрестен 2008-2011 жылы туылған жасөспірімдер арасында облыстық чемпионат өтті. Жа-

Ахмет Қазақстан Республикасының чемпионатына жолдама алды. Бұл чемпионат 2025 жылдың сәуір айының 2-6 аралығында Орал қаласында өтеді. Қазақстан



рысқа облыс аумағындағы аудан, қалалардан 30-ға жуық команда, 567 жас спортшы қатысты. Кіл мықтының арасынан үздіктер анықталған сайыста созақтық спортшылар жеңіс тұғырынан көрініп, ауданның мерейін үстем етті.

Созақ аудандық №1 спорт мектебінің оқушысы Мақсұт Ахмет 85 келі салмақта чемпион атанып, Қамбарбек Дияр 75 келі салмақта III орынға тұрақтады.


Чемпион атанған Мақсұт

чемпионатында үздік нәтиже көрсеткен палуандар Азия біріншілігіне қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Жас спортшыларды жеңіске жетелеген Созақ аудандық №1 спорт мектебінің оқу-ісі жөніндегі орынбасары, әлемдік додалардағы чемпиондарды тәрбиелеген тәжірибелі жаттықтырушы Бейсембаев Бақытжанның да еңбегін атап өту қажет.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Дүниежүзілік сайлау күні:



бірқатар елдерінде осы күнді атап өту үшін саяси партиялар мен ұйымдар арнайы бастамалар көтеріп, халықты сайлауға қатысуға шақырады.

Дүние жүзілік сайлау күні сайлау процесінің демократиялық қоғамдағы рөлін атап өтуге мүмкіндік береді. Демократия азаматтарға өз өкілдерін таңдау мүмкіндігін береді, бұл олардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғауда маңызды құрал болып табылады. Сайлау жүйесі тек қана азаматтардың пікірін білдіру тәсілі емес, ол қоғамның

Шетелдегі діни оқулардың қауіптілігі

Ақыл жүгіртіп қараған әрбір пендеге әлемнің жаратылысы ғажап. Сол әлемнің ішіндегі адамның орны тіптен бөлек. Жаратушымыз оны Құранда:

Кезінде Раббың періштелерге: «Мен жер бетінде (үкім жүргізетін) халифа жаратамын!» деп баяндайды. Бұл жерде Халифа деп адамазат баласын меңзеп отыр. Демек мына әлемді Алла Тағала адам дейтін жаратылыстың игілігі үшін жаратты және иелігіне берді. Сондай-ақ, күллі жаратылысты сол адамға именетін етті.



Ал, адам баласы басқа тіршілік көздерінен санасы, ақылы болуымен ерекшеленеді. Ендігі жерде, Алла Тағала адамды жер бетіне орынбасар (халифа) еткен соң, саналы тіршілік көзі ретінде адамзаттың білім алуы ең маңызды дүние. Бұл жайында адамзаттың асыл тәжі, екі дүниенің сәруары Пайғамбарымыз да с.а.с:

Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз» деген. Имам Шафиғи р.а. «кім дүниені қаласа ілім алсын, кім аһиретті қаласа ілім алсын» деу арқалы барлық жетістіктерге жету тек біліммен болатынын түсіндірген. Демек ілім адамзат баласы үшін ауадай қажет құрал. Дегенмен ілім алу жолдарын да дұрыс меңгеру маңызды. Соның ішінде діни ілім алудың бағытын айтуды жөн көріп отырмын. Қазіргі уақытта ҚМДБ - ға қарасты діни білім беретін 9-медресе колледж және Алматы қаласында «Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті» атты жоғарғы оқу орыны бар. Бұл орталықтарда жоғары деңгейдегі мамандар сабақ береді. Әрбір 9 және 11 сынып бітіріп діни білім іздеуші түлектер осы орындарға оқуға түсуге тырысу керек. Себебі, бұл жерде дәстүрмен байланысқан Ханафи мектебі бойынша оқытылады. Ханафи мәзһабы қазақ жеріндегі мұсылмандардың ұстанымы екені белгілі. Осы медреселерді немесе «Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті» жоғарғы оқу орнын бітіріп, өзінің бағытын дұрыс түсінген ілім іздеуші үшін ҚМДБ қазіргі уақытта Мысыр еліндегі Әл-азхар университеті және Түркия еліндегі оқу орындарымен арнайы келісімге отырып, шәкірттерді жібереді. Елдегі діни білімді бітіріп, ары қарай оқығысы келген шәкірт арнайы ҚМДБ-ның емтиханына қатысып, рұқсат бергенде ғана оқуға түседі. Сонымен қатар, шетелдегі оқу жылдарында оқуы мен сенімі жіті бақыланып отырады. Қоғамдағы елдің ұстанымына қайшы келіп қалатын (домбыра арам, дәстүр деген жоқ, мазаб деген бидғат т.б.) ұстанымдарды айтып, қоғам ішіне түсініспеушілік туғызып, түрлі бағыттарды ортаға шығарып жатқан азаматтардың барлығы дерлік, елдегі діни оқу орындардың есігін қақпастан өздігінше шетел асып, қайоқу орнына түсу керек екенін білместен түрлі бағыттағы оқу орындарына (курстар) түсіп кетуінен басталады. Ниеті таза болып барған шәкірт, бағытын тура таңдай алмаған соң діни ілім аламын деп оқу жылдарының ішінде ағымдардың ілімін алып, сол елдің дәстүрін бойына сіңіріп елге оралған соң елдің ұстанымына қарсы шығып, дәстүрін мансұқтайды. Бұл көрініс елімізде жиі көрініс алатыны белгілі. Сол үшін құрметті аудан тұрғындары ұл-қызыңыз діни білім аламын деген болса мешіт имамымен байланысуларыңыз керек екенін айтып келеді. Сол мешіттегі дін маманы сізге нұсқаулық беріп, жолын көрсетеді. Ата-бабамыздың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі дінімізді жан-жаққа ағымдар тартып кетпес үшін, осы ескертпелерімізге құлақ салуға шақырамыз.

Мейрамбек ӘБДІҚҰЛОВ,
Созақ ауданының бас имамы.

Демократия мен азаматтық құқықты насихаттау

Дүниежүзілік сайлау күні әлемде сайлау процесінің маңыздылығын, азаматтық құқықтарды қорғауды және демократиялық процестердің үздіксіз дамуын насихаттау мақсатында белгіленген. Дүниежүзілік сайлау күні алғашқы рет 2005 жылы ООН-ның ұсынысы бойынша, халықаралық деңгейде демократиялық процестерді қолдау және сайлаушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жарияланған болатын.

Бұл күннің маңыздылығы, Дүниежүзілік сайлау күні азаматтардың өз дауысын беру құқығын қорғау мен сайлау мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шаралар мен оқиғалар ұйымдастыруды көздейді. Бұл күннің басты мақсаты- сайлаушылардың білімін арттыру, дауыс беру рәсімін жеңілдету және таңдаудың әділ әрі ашық болуын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, бұл күн сайлау өткізу барысында кезде-

сетін мәселелерді де талқылауға мүмкіндік береді. Мысалы, сайлау жүйесінің кемшіліктері, азаматтардың сайлауға қатысуын арттыру жолдары, сайлау науқандарында болатын заң бұзушылықтарды болдырмау мәселелері қозғалады. Бұл демократияның маңызды элементі болғандықтан, сайлау процестерін жетілдіру мен толыққанды және әділ сайлау өткізу әлемнің көптеген елдерінде басты назарда.

Дүние жүзілік сайлау күні қалай өткізіледі?

Әртүрлі елдерде бұл күнді атап өту тәсілдері әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір мемлекеттерде оқушылар мен жастарға сайлау жүйесі туралы білім беру мақсатында шаралар ұйымдастырылады. Кейбір елдерде қоғамдық пікір таластар мен конференциялар өткізіліп, сайлау құқықтары мен демократиялық институттардың маңыздылығы түсіндіріледі. Әлемнің

дамуына ықпал етіп, саясаткерлердің жауапкершілігін арттырады.

Сондай-ақ, сайлау әділ әрі ашық түрде ұйымдастырылуы тиіс. Барлық азаматтардың тең құқыққа ие болуы және олардың дауысы ешқандай әділетсіздікке ұшырамауы маңызды. Бұл демократиялық процестің негізгі қағидаттарына сай келеді.

Дүние жүзілік сайлау күні-демократияның, сайлау құқығы мен азаматтық жауапкершіліктің маңыздылығын сезінуге арналған маңызды күн. Ол әлемдегі барлық елдерде сайлауға қатысты мәселелерді талқылап, сайлау жүйесінің әлдеқайда тиімді әрі әділ болуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Т.БЕКҚҰЛЫ,
Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

Қайырымдылық

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Құмкент ауылдық округі жастар ісі жөніндегі әдіскері Н.Қожабековтің ұйымдастыруымен Қызыл Көл елді мекенінің ерікті жастары «Қайырымдылық жасау қанымызда бар қасиет» атты тақырыпта жалғыз басты қария Ескендір Ғабит ағай-



ымызға көмек көрсетіп, үй маңайындағы қарларды тазалап, отынын жарып, қыздар үй-ішін жинап берді. Осы аталған үйге демеушілер тарапынан азық-түлік берілді.

Қайырымдылықтың басты мақсаты көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен қол ұшын беру болып табылады.

Қайырымдылық әр ерікті жастардың бойындағы ерекше қасиет. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниеті қарым-қатынасын арттыратын дүние. Кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алады.

Нұрхан ЖАҚСЫЛЫҚ,
«Тұран» университеті журналистика факультетінің 4 курс студенті.



«Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын-алу»

Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық мәселесін түсінуге, өзіне деген сенімді мінез-құлықты дамыту, қауіп-қатерден сақтанып, зорлық-зомбылықтың құрбаны болудың алдын алу мақсатында, «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының «Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінің ұйымдастыруымен, А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында семинар-тренинг өтті.

Аталған жиынға аудандық әжелер алқасының төрайымы, Созақ ауданының құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Маруа Қайыржанова, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, ардагер ұстаз Мұхамедәли Иманбеков, Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің мамандары Біржан Саржанов пен Құралай Ыдырысова және мектептің оқушылары

мен ұстаздары қатысты.

Ардагер ұстаздарымыз тәрбиелік өмір жолдары мен отбасы құндылықтарын түсіндірсе, сала мамандары буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жолдарын айтып өтті.

Мектеп оқушыларының қатысуымен орын алған жағдаяттардан шығу, шешу жолдарын көрсету бойынша психологтар Қ.Ыдырысова мен М.Оралбек психологиялық тренингтер жүргізді. Оқушылардың ой пікірлері мен ұсыныстары тыңдалып, кері байланыс жасалды.

Іс-шара соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Дәуренбекова қорытынды сөз сөйлеп, семинар тренингті ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Біржан САРЖАНОВ,
Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бөлімшесінің әлеуметтік маманы.

Дін – адамзат тарихында жаратылысынан бері бар әрі барлық дәуірде адаммен бірге жасасып келе жатқан ұлы күш. Адамның ішкі сұранысында әлденеге сеніп өмір сүру әуелден бар қажеттілік болғандықтан, дін мен наным-сенімдер адамзат дүниетанымындағы ең ықпалды құбылысқа айналды. Діннің адамзатқа ықпалы әлі де болса өз күшінде. Қазіргі күнге дейін зерттеуші ғалымдар тарапынан діннің анықтамасына көптеген пікірлер айтып, ой толғап келді. Көптеген ислам ғылымхалы кітаптарында, дін-адамзатты нағыз бақытқа жеткізуші құдайлық жүйе деп қарастырады. Ал қоғамдық орта-

дай сипат берген:

Экстремизм – жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер ұйымдастырылуы және жасауы;

Жеке және заңды тұлғаның, жеке және заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды: діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАУІП

да – белгілі бір деңгейде қалыптастырушы, ортақ тәртіпті сақтаушы, адамдарды ізгілік пен махаббатқа біріктіруші құрал ретінде өз қызметін атқаруда. Қазіргі таңда жер бетінде 8 млрд-қа жуық адам өмір сүруде. Сонымен қатар әрбір азамат пен азаматшаның діни ерік бостандығы халықаралық ұйымдардың және мемлекет заңымен берік қорғалған. Яғни қандай да бір қоғам өкілі христиан немесе ислам дінін қабылдаймын десе өз еркі дегенге саяды. Дегенмен XX ғасырда бұрыңғы Кеңес үкіметінің аумағында «дін» деген жоқ, ол тек қана «иллюзия» немесе дін деген «апиын» деп оқытты. Оған орта ғасырда Еуропада орын алған католиктер мен протестанттар арасында болған қақтығыстардан мысалдарды тергіштеп түсіндіріп жатты. Ал бұл жағдай өз кезегінде қазіргі күнде кейбір қоғам өкілдерінің ата-бабасы ұстанған жолды терістеуге алып келді.

XXI ғасырдың 60-70 жылдарында алпауыт мемлекеттер арасында басталған текетірестер кейбір діни саяси топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Ал Америкада протестант ағымынан түрлі діни топтар бөлініп шығып «біздің жолымыз ғана дұрыс» деген сенімді ұстанып адамдардың жүрегіне жол табу мақсатында түрлі әдіс-айлаларды пайдаланды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біздің жас мемлекетімізге де көз алартып қараушылар аз болмады. Соның бірі діни-саяси экстремистік топтар.

Экстремизм – латын тілінен енген термин, «соңғы, шеткі» деген мағынаны білдіреді. Ал саяси мағынасы экстремизм бойынша – бұл шектен шыққан көзқараспен және іс-әрекетімен ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл тікелей немесе жанама түрде зайырлы қоғамдағы демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі. Сондай-ақ шынайы діннің негізгі қағидаларынан, қазіргі қолданыстағы ұлттық заңнамалардың және халықаралық құқықтың қағидаттарынан тыс шектен шығу дегенді білдіреді. Экстремизм: саяси экстремизм, діни экстремизм және ұлттық экстремизм болып бірнеше топқа бөлінеді. Ал «діни экстремизм – басқа діндерді ұстанушы адамдарға төзімсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру».

Діни экстремизм ұғымына Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 2 ақпанында қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңында мына-

немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез-келген діни практиканы қолдануды көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және жасауы.

Зерттеуші ғалымдардың көзқарасы бойынша діни экстремизмнің шығуының басты үш негізін атап көрсетеді. Біріншісі – діни сауатсыздық. Дінге толыққанды діни таным-түсінікпен келмеу, діннің негізгі қағидаларын дұрыс түсінбеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі. Екіншісі – теріс пиғылды ағымдардың өкілдерінің сөзіне еру арқылы қалыптасқан жаңсақ сенім. Ал, үшіншісі – әлеуметтік мәселелер. Көп жағдайда жұмыссыз жастардың болашаққа сенімсіз жағдайын пайдаланып экстремистік идеология жетекшілері олардың санасына шетін көзқарасты сіңіреді.

Ғаламтор кеңістігіндегі мұсылмандардың қысымға ұшырауы жайлы материалдар, әсіресе АҚШ, Еуропа, Израильдегі, Ресейдің Кавказ аймағындағы мұсылмандар туралы ақпараттарды, қанға бөккен адамдардың суреттерін, бейнематериалдарды ашық көрсету арқылы күллі әлемді мұсылмандарға жау ретінде көрсетуге ұмтылу діни экстремистік бағыттың негізгі жұмысы деуге болады. Мұндай іс-әрекеттер біздің елімізде де болып жатқан жатқандығы жасырын емес. Шетелдегі түрлі діни экстремистік-террористік қарулы топтардың қатарына қосылып жатқан азаматтарымыз болды. Мұндай топтармен күрес жүргізу еліміздің басты бағыттарының бірі. Сол себепті түрлі діни радикализм, экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы жеке азаматтар мен қоғамның және мемлекеттік биліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» шеңберінде экстремизммен күресудің түрлі іс-шаралары жасалынууда.

Қорыта айтқанда оқырмандарға айтарымыз жоғарыда келтіргендей діни экстремистік идеялары бар азаматтармен жақын жолдас болудан сақ болыңыздар. Қоғамның дамуы біртұтастық пен ынтымақ, бірлікте. Сондықтан да халқымызда бақ қайда болса, ынтымақ бірлік сонда деуі бекер еместі.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Ислам шариғаты шеңберінде салт-дәстүрдің үкімі

Исламға дейін ата-бабаларымыз көшпенділер ұлы дала заңымен өмір сүрді. Сол дала заңының салт-дәстүрін сақтамаған адамдарды «салтын білмеген сауапты түсінбейді» депсол заң негізінде жазалап та отырған. Сол заманда көшпенді қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр мен әдеп-ғұрып бұлжымас заң рөлін атқарды. Ислам діні ұлы дала төріне жеткеннен кейін отырықшы және көшпенді дәстүрін ұстанған халық осы дініге бет бұра бастады.

Ислам діні Қазақстанның оңтүстігінде 714 жылдан бастап келіп барлық аймақтарына кең тарады. X ғасырдың соңында Қарахан хандығының ресми діні ретінде танылды. XII ғасырда моңғол империясының кеңейтілу кезінде исламның таралуы ақырындаған жоқ, керісінше Алтын Орданың хандары Берке (1255-1266) мен Өзбек (1312-1340) Исламды қабылдады. Атеистік кеңес өкіметі кезінде де ислам діні ақырындағанымен қазақ жұрты діні мен ұлттық құндылықтарын жоғалтқан емес. Осылайша бүгінгі таңда Исламмен бірге шариғатпен келісетін және келіспейтін кейбір дәстүрлері де сақталып бізге де жетті. Жеткен дәстүрдің озығы да тозығыда бар болатынын білеміз. Осы мәселе бойынша ислам шариғаты шеңберінде шешімін тапқан әйгілі мұсылман ғалымдары не айтты?

Ислам діні тек араб ұлтына түскен дін емес, жаратушы тарапынан бүкіл адамзат баласына келген әлемдік дін болғандығын түсінген ғалымдар шариғатта халыққа үйреншікті болған жақсы әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде қалдыруды барлық мазхабтардың ғалымдары қолдады. Ұлт болғасын оның өзіне тән салты мен ғұрпы болары анық. Алланың Елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар бар болатын. Пайғамбар (с.а.с.) олардың Алла Тағаланың өмір-тұйымына қарсы келмейтінін қабылдап, кереғар келетініне тыйым салды. Дін бар жерде дәстүр, дәстүр бар жерде дін де бар деп айтуға болады. Құран-Кәрімде: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен өмір ет және надандардан терісайнал», - деген (Ағраф сүресі, 199-аяты). Ғұрып дегеніміз бір қоғамда қалыптасқан жағымды әрі қайырлы іс. Демек, жоғарыдағы аяттарда қоғамда жағымды жағдайларды қалыптастырып, оларды негізге алуға өмір етіп тұр.

Үш мазхабтың ұстазы Имам Ағзам Әбу Ханифа фикһ (ислам құқықтары) саласын ретке келтіріп, оны жеті бапқа бөлген ең алғашқы адам. Ол әдіс-тәсілдің жетінші бабын «әдет-ғұрып» деп атаған: «Әдет-ғұрыптар да өзінше бір дәлел және үкім ретінде қолданылады. Ол дұрыс және бұрыс болып екіге бөлінеді. Дұрыс әдеп-ғұрыптарға-діни үкімдер мен ұстанымдарға қайшы келмегендері жатқызылады. Бұрыс әдеп-ғұрыпқа қандай да бір негізгі шариғат үкімдеріне қайшы келгендері жатады, ондай әдеп-ғұрып исламда дәлел ретінде қолданылмайды», - деген.

Бұл орайда, қолданыстағы салт пен дәстүрге дәлел ретінде, Ибн Масудтың (р.а.) келесі сөздерін келтіруге болады: «Бүкіл мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жақсы. Ал бүкіл мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жаман болып табылады», - деген пікір айтқан.

Ислам діні әрбір халықтың, ұлттың өзіндік құндылықтары және ерекшеліктері-әдет-ғұрыпына ерекше көңіл бөлген. Сондықтан ислам ғұламалары әдет-ғұрып мәселесін талдап, оның өзін жеке бір тақырып етіп зерттеген. Бұл жайында Малики мазхабының беделді ғұламасы имам Ибраһим ибн Мұса Әбу Ысқақ әш-Шатыби «әл-

Муафақат» атты еңбегінде: «Қалыптасқан әдеп-ғұрып екі түрлі: Біріншісі – шариғат дәлелдері бұйырған немесе тыйған және кеңес берген нәрселері. Мысалы, денені нәжістен таза ұстау, ғибадатқа дәрет алу, әурет жері жабық болу сияқты шариғатта үкімі бар әдеттер. Шариғатта үкімі бар әдеттердің үкімі өзгермейді.

Екіншісі: шариғатта күнә-сауабы айтылмаған, әр елде қалыптасқан салт-дәстүрлер. Олар шариғатта үкімі айтылмаған дәстүрлер болып саналады. Мұндай дәстүрлер өзгермелі келеді. Осыған орай пәтуалар да әртүрлі болып келеді. Кей елде жақсы саналатын нәрсе, басқа елде жаман, ұнамсыз есептелуі мүмкін.

Ғұламалар салттарды екіге бөлген: дұрыс және бұрыс. Жақсы әрі дұрыс салт дегеніміз – бұл, (белгілі қоғамдағы) барлық адамдарға әйгілі, Құран мен Сүннеттің (ижма) мәтіндеріне және ғалымдардың бір ауыздан келіскеніне қайшы келмейтін, игі амалдардан тыймайтын әрі зиянды істерге себеп болмайтын әдет пен ғұрыптар.

Жергілікті халықтың салт-дәстүрін екіге бөліп қарастыруға болады:

Салт пен дәстүр, әдет пен ғұрып Құран мен Сүннеттің мәтіндеріне, ғалымдардың бір ауыздан келіскеніне (ижма) немесе шариғатта бекітіліп қойған үкімге қарама-қайшы келмеуі тиіс. Ислам ғұламасы Имам әс-Сарахси: «Құран мен Сүннетке қарсы келген кез-келген салт есепке алынбайды», - деп айтқан. Егер, қандай да бір мәселеде әдет-ғұрыпқа қайшы аят не хадис белгілі бір үкімді бекіткен болса, онда ол мәселеде әдет-ғұрып негізге алынбайды. Мысалы ер кісілер неке жүзгін алтыннан тағу, тойды арақ-шараппен өткізу, пайызға ақша беру т.б.

Мухаммед Әбу Захра «Усуль Фих» атты еңбегінде: «Әдет пен ғұрып, сирек кездесетін емес, сол қоғамдық ортада кең тараған болуы керек», - дейді. Имам әс-Суюти: «Салт және дәстүрмен тек, егер олар кең тараған (қоғамдық ортада мойындалған) болса ғана санасады, ал егер олар айқын болмаса, есепке алынбайды», - дейді. Шариғатқа сай әдет-ғұрып, дағдылар. Мысалы қыз ұзату мен беташар тойын атап өтсек болады. Исламда келін түскен үйдің шама-шарқынша дастархан жайып көрші мен туыстарды шақыру құпталған.

Жалпы қорыта айтқанда дін салт-дәстүрдің таразысы деуге болады. Жоғарыда сахабаның, ғұламалардың сөздері, мұсылмандардың бір ауызды пікірде (ижма) арасуы мүмкін емес екендігіне дәлел болып табылады. Бүкіл мұсылмандар жаманды жақсы деп немесе жақсыны жаман деп есептеуі мүмкін емес. Өйткені хадистерде айтылғандай олардың барлығы түгелдей адасуда жиналмайды. Сондықтан Ибн Масудтың (р.а.) бұл сөздерін, әс-Суюти мен Ибн Нұжәйб және де әс-Сарахси сияқты атақты ислам ғалымдары мен көптеген имамдар салт пен дәстүрлер және әдет пен ғұрыптардың қолданыстағы дәлелі етіп алды. Ислам ұлттық салт-дәстүрді жоққа шығарады немесе қабылдамайды деген пікірлер ата дінімізді жете түсінбегендіктен туады. Дәстүрге теріс көзқараспен қарау және оны жоққа шығару тек бір ұлттың тамырына ғана балта шабу емес, дінді бұзушылық болып табылады. Еліміздегі дәстүрлі Ислам діні Қазақстан халқының дәстүрлі құндылықтарына қарсы емес, керісінше игілігіне, ел бірлігіне қызмет ету керектігін түсінуіміз қажет.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В соответствии со статьей 8 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах» далее – Закон), и Приказа Министра информации и общественного развития Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года №69 «Об утверждении Типового положения об Общественном совете» Созакский районный маслихат сообщает о проведении конкурса по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета Созакского района. Количественный состав рабочей группы составляет шесть человек.

Представительство от государственного органа в составе рабочей группы не превышает одну треть от общего числа членов рабочей группы, представительство от некоммерческих организаций в составе рабочей группы составляет не менее двух третей от общего числа членов рабочей группы и формируется на основе предложений некоммерческих организаций и граждан.

Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в конкурсе, подают в установленные сроки следующие документы:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав рабочей группы приложению 1;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;

5) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Для присутствия на заседании рабочей группы в качестве наблюдателя лицо, изъявившее желание быть наблюдателем, предоставляет в аппарат районного маслихата либо отправляет на электронную почту заявление для участия в качестве наблюдателя на конкурс по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета, по форме согласно приложению 2.

Прием предложений по кандидатурам в рабочую группу от представителей государственных органов, некоммерческих организаций и граждан, а также изъявившим желание быть наблюдателем проводится в срок в течение пяти рабочих дней после даты опубликования объявления о конкурсе ежедневно с 9.00 до 19.00 часов (рабочие дни). Обеденный перерыв с 13.00 до 15.00 часов.

Адрес аппарата маслихата Созакского района: село Шолакорган, ул. Жибек жолы 16, электронная почта maslihat_sozak@mail.ru, ответственный за прием документов Н.Таскынов, телефон 4-25-65. сот. 87782227658

Аппарат Созакского районного маслихата.

* * *

**Приложение 1
Форма**

Кому _____
(наименование государственного
органа на Республиканском уровне
или наименование местного
представительного органа)

от _____

(Ф.И.О. заявителя, удостоверение
личности № _____, выдано (когда, кем)
проживающего (ей): _____
(населенный пункт, улица, дом, квартира)

Заявление

Выдвигаю свою кандидатуру для включения в состав Рабочей группы по формированию Общественного совета _____.

Настоящим заявлением подтверждаю, что я ознакомлен с положениями Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года «Об общественных советах» и обязуюсь соблюдать его требования.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

“ _____ ” _____ 20 ____ г. Подпись заявителя _____

**Приложение 2
Форма**

Кому _____
(наименование государственного
органа на Республиканском уровне
или наименование местного
представительного органа)

от _____

(Ф.И.О. заявителя, удостоверение
личности № _____, выдано (когда, кем)
проживающего (ей): _____
(населенный пункт, улица, дом, квартира)

Заявление

Подаю свою кандидатуру для включения в качестве наблюдателя на конкурс по отбору членов рабочей группы по формированию Общественного совета.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

“ _____ ” _____ 20 ____ г. Подпись заявителя _____

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8 – бабына сәйкес және «Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №69 бұйрығына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты Созақ ауданы Қоғамдық кеңесінің қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы мемлекеттік органдардың өкілдері қатарынан және конкурстық негізде коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан қалыптастырылады.

Жұмыс тобының сандық құрамы алты мүшеден тұрады.

Жұмыс тобының құрамында мемлекеттік органнан, өкілдік ету жұмыс тобы мүшелері жалпы санының үштен бірінен аспайды, азаматтық қоғамнан өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері белгіленген мерзімде келесі құжаттарды ұсынады:

1) кандидатураны жұмыс тобының құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін 1-қосымшаға сәйкес;

2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;

5) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімді жібереді.

Ашықтықты және объективтілікті қамтамасыз ету үшін жұмыс тобының отырысына коммерциялық емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатарынан байқаушылар қатыса алады. Қоғамдық кеңесті құру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы болуға ниет білдірген адам 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша байқаушы ретінде қатысу үшін өтінішті аудандық мәслихат аппаратына ұсынады немесе электрондық поштаға жолдайды.

Мемлекеттік органдар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтардың жұмыс тобына кандидатуралар бойынша және байқаушы болуға ниет білдірген азаматтардың ұсыныстарын қабылдау, хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде күнделікті 9.00 мен 19.00 сағат аралығы (жұмыс күндері). Түскі үзіліс 13.00 мен 15.00 сағат аралығы.

Созақ аудандық мәслихатының аппаратының мекен-жайы: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі 16, Созақ аудандық мәслихат аппараты, электрондық пошта maslihat_sozak@mail.ru құжаттарды қабылдауға жауапты Таскынов Нағашбек Әділбекхлы, телефон 4-25-65. Сот 87782227658

Созақ аудандық мәслихат аппараты.

* * *

1 қосымша
Нысан

Кімге _____
(республикалық деңгейдегі
мемлекеттік органның және
(немесе) жергілікті
деңгейлердегі
өкілетті органның атауы)

тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер)
кімнен _____

(өтініш берушінің А.Ә.Т.,
жеке куәлік № _____, берілді
(қашан, кім)

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

20 ____ ж. “ _____ ” _____
Өтініш берушінің қолы _____

2-қосымша
Нысан

Кімге _____
(республикалық деңгейдегі
мемлекеттік органның және (немесе)
жергілікті өкілетті органның атауы)

тұратын (елді мекен, көше, үй, пәтер) кімнен _____

(өтініш берушінің А.Ә.Т., жеке
куәлік № _____, берілді (қашан, кім)

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурсқа байқаушы ретінде енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын.

Мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

20 ____ ж. “ _____ ” _____ өтініш берушінің қолы _____

Сібір жарасы – бұл қоздырғышы *Bacillus anthracis* спора түзуші бактериясы болып табылатын жануарлар мен адамның жіті жұқпалы ауруы. Сібір жарасының үш түрі бар: терілік, өкпелік

жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде, терісін сыпыруда немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішіп-жеуде және ла-

адамдарға егіледі. Сонымен қатар осы аурудың жұқтырушы көзі ретінде үй жануарларын да бақылауда ұстау қажет. Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға

айтылады, мысалы, қойда-топалаң, жылқыда-жамандат, ірі қарада-қараталақ, түйеде-ақшелек, қарабез, ал адамда-түйнеме, күйдіргі. Жалпы жұртшылыққа айтарымыз: мал немесе мал

Сібір жарасы-ауруы қауіпті індет

және ішекті. Терілік түрі басым, сирек-сепсис құбылыстары (шіруі) бар өкпе және ішек түрі. Бұл ауру адамға ауру жұқтырылған жануардың терісі мен және жүнімен жанасудан немесе залалданған етті тұтынудан жұғуы мүмкін. Сібір жарасын адамға жұқтырушы үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, жылқы) болып табылады. Адамға аурудың жұғу

станған топырақты егістікке қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды.

Сібір жарасының ең тиімді алдын алу шарасы-жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Ауруға қарсы вакцинаны егу үй жануарлары мен ет комбинаттарында жұмыс істейтіндерге, тері-жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын

тырысқан жөн. Үй жануарларының иелері малдарды екпеге қатыстырмау-дерттің кең етек жаюына себепші болып, мұның салдарынан адамдар сібір жарасына шалдығатынын естерінен шығармаса игі болар еді. Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды. Бұл ауру әр малда әртүрлі

өнімдерін сатып алған жағдайда ветеринарлық бақылаудан өткен, арнайы мал өнімдерін сататын жерге ғана барыңыз. Өз иелігіңіздегі малдың жайына мұқият қарап, оны ұстау ережелерін сақтаңыздар. Аурудың алғашқы белгілері байқалса, дереу шара қолданып, емдеу орындарына қаралу керек.

Құтыру ауруынан сақ болыңыздар!

Құтыру-бұл аса қауіпті жіті вирустық жұқпалы ауру. Құтыру ауруының қоздырғышын тасымалдаушыларға жыртқыш аңдар: қасқыр, түлкі, қарсақ, шибөрі және үй жануарлары жатады. Үй жануарлары инфекцияны ауырған жабайы аңдар мен үй жануарларымен жанасу кезінде жұқтырады. Құтыру ауруымен ауырған жануар сау адамды тістеп алғанда немесе терінің зақымдалған жеріне олардың сілекейі түскен кезде вирус ағзаға енеді. Вирус ағзаға енгеннен кейін, алғашқы белгілерінің білінуі ұзақтығы тістелген орынға байланысты 10 күннен 1 жылдан артық уақытқа созылуы мүмкін.

Құтыру ауруының емі жоқ, алайда алдын алуға болады. Құтырудың алдын алу мақсатында құтыру ауруымен ауыратын жануар сау адамды тістеп алғанда барлығы құтыруға қарсы екпе курсы алу үшін емханаға медициналық көмек алу үшін қаралуы керек. Әрбір адам өлімнен құтқарудың жалғыз әдісі-жүйелі құтыруға қарсы екпе алу екенін білуі қажет.

Құтыру ауруын болдырмау үшін мынадай сақтық шараларын сақтаған жөн: ит пен мысықты ұстау ережесін сақтау және де итті аулада байлаулы күйде немесе арнайы вольерде ұстау қажет, балаларды бөтен ит мы-

сықтарға жақындап ойнамауды түсіндіру керек. Үйдегі ит мысық және ауыл шаруашылық малдарын құтыруға қарсы жыл сайын екпеден өткізіңіз. Құтыру ауруына қарсы екпе тегін жүргізіледі. Егер сіздің итіңізді немесе малыңызды бөтен жануар тістеп алған болса, оған жақындамауға және жануарларыңыздың мінез құлқы өзгерсе ветеринариялық дәрігерді шақыру қажет. Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

ТО ВБ «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ МКК Созақ аудандық филиалы.

Тағамнан уланудың алдын алу

Микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушаңдық. Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы. Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және қоректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайында-

луы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериялармен улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады. Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б.

Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет.

Аурудың алдын-алу жолдары: тамақтанар алдында қолды жуу; термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу; тек қайнатылған

немесе бөтелке суын ішу; тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау; кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу; үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау; тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау.

**Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының
басшысы.**

ХАБАРЛАМА

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нен жеке немесе заңды тұлғалардың өтінішіне сәйкес, орман қоры жерінен орман билеті негізінде уақытша мал жаю немесе шөп шабуға сұралған жер телімі категориясына қарап рұқсат беріледі. Орман қоры аумағында өртті болдырмау, алдын алу

мақсатында шөп шауып немесе мал жайып отырған жер телімінде, арнайы өрт сөндіру тақтайшасы болу міндетті. Тақтайша арнайы өрт сөндіруге арналған құралдармен жабдықталған болу керек. Орманды жанама пайдаланудың төлемасы ставкілері Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №42/437-VI шешімінің қосымшасы және Қазақстан Республикасы орман кодексінің 88 бабы 4 тармағы негізінде уақытша мал жаюға рұқсат берілуде. 2025 жылғы айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) белгіленген

суммасына сәйкес төлемақы мөлшері өзгереді. Уақытша пайдалануға жер алу үшін, өтініш берер алдында сол жердің аға орманшысымен жерді барып көріп, сұралған жерге кесім алу керек.

Керекті құжаттар тізбесі:
1.Өтініш.
2.Орман пайдаланушының жеке куәлік көшірмесі.
3. Мал дәрігерінен малдың нақты атауы, саны және вакцина салынғаны туралы анықтамасы.
4. Сұралған жерге кесім.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.05.2023ж. №156 бұйрығы.

Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 42/437-VI шешімі.

«Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ бойынша орман қоры жерінде 01.01. 2025 жылғы 3932 теңге АЕК негізінде мал жаю ставкасы. 105304 -шоты орман пайдаланған үшін.

Ірі қара мал (5га) бір басқа. Жылқы 7,2 га бір басқа				Қой, ешкі 3га бір басқа.	
Түйе	Ірі қара мал	жылқы	Ірі қара төлдері	Есек ешкі	қой
0,0670	0,0536	0,0536	0,0268	0,0268	0,0469
1317,22	1053,77	1517,43	526,89	526,89	553,23
Шөп шабу:					
жай-күйі жақсы			0,1148		451,39
жай-күйі қанағаттанарлық			0,0861		338,54
жай-күйі нашар			0,0670		263,44

**Э.АЛТАЕВ,
«Созақ ММ КММ» орман пайдалану инженері.**

Менингит сырқаты, алдын алу және сақтану жолдары

Миқұрт немесе менингит-бұл халық арасында көп таралған дерттің бірі, өте қатерлі ми ауруы, ми мен жұлын мембранасының қабынуы. Ол басқа аурулардың, шешек, мысқыл (шықшыт безінің қабынуы), көкжөтел немесе құлақтың қабынуы сияқты аурулардың асқынуынан болады. Менингит тыныс алу, жөтелу кезінде ауа арқылы таралады.

Менингиттің қоздырғышы: грамм – (теріс) кофе дәні тәрізді диплококк, менингококк. Химиялық, физикалық факторларға сезімтал, бөлме температурасында бірнеше сағатта, ал хлорамин ерітіндісі әсерінен 2-3 мин ішінде жойылады.

Менингит қалай жұғады

Менингит тұмаудан толық жазылмаған жағдайда, тазалық сақталмаған жерде, көп адам жүретін жерде, кейде денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан және іш сүзегінен пайда болады. Көбіне суықтан пайда болатын ауру ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Сонымен қатар менингит бактериясы жөтелу кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрынға түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адамнан ауру жан жаққа тез таралады. Сонымен қатар менингит адамның жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, нәтижесінде бұл ауруға шалдыққандардың 20% өз өмірімен қоштасады.

Аурудың барысы

Ауру екі түрге бөлінеді. Жедел және созылмалы болатын бұл аурудың ең күрделісі мида іріңді түрде болатын менингиальдық синдромы. Менингит-құрт ауруының түрі, науқастан әл кетіп шаршап, тез терлеп, дене қызуы көтеріліп ұзақ уақыт жүреді. Бас сүйек ішіндегі қан қысымы ұлғайғанда барып анықталады.

Аурудың алғашқы белгілері

Жоғары температура, бастың қаты ауыруы, мойынның шалқауы. Ауырған баланың өңі кірмейді, сұлық жата береді, басы мен мойнын артқа шалқайтып ұстайды. Бір жасқа дейінгі баланың еңбегі көтеріледі, құсады. Кішкентай балаларда менингиттің алғашқы кезеңін анықтау қиын, бала тіпті анасы емізгенде де жылай береді (менингит жылауы) немесе ұйықтай береді. Кейде талып қалады да, дене қозғалысы бір түрлі болып өзгереді, баланың жағдайы бірте-бірте нашарлай береді.

Ауру жұққаннан кейін 10-12 күннен соң ағзада бас ауру, лоқсу, ауыз құрғап, қызу көтерілуі, дауыс қарлығып, өңі бозару секілді инкубациялық кезең өтіп, денеде қызғылт түсті дақтар пайда болады. Дене қузуы 40 градусқа жоғарлап, бұлшық еттері қысыла бастайды. Дер кезінде емделмесе көп жағдайда мүгедек болып қалуы мүмкін. Жарыққа қарай алмай, қатты дауыстан қорқып, есінен адаса бастайды. Бұл белгі іріңді менингитті білдіреді.

Емдеу жолдары

Жоғарыда айтылған белгілер пайда болған жағдайда бірден жедел жәрдем шақыртыңыз. Мүмкіндік болса науқасты тез арада ауруханаға жеткізіңіз. Менингиттен айығуға болады, бірақ мүмкіндік өте аз. Дәрігерге дер кезінде қаралып, қажетті емді қабылдаған кезде менингит ауруын жеңіп шығуға болады.

**А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБҚ «ҰСО» ШЖҚ
РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше зертхана меңгерушісі.
А.ТАСХОДЖАЕВА,
Бактериологиялық және паразитологиялық зерттеулер зертханасының зертхана маманы.**

Созақ аудандық Қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2025 жылдың 31 қаңтар күні сағат 11:00 де Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында өтеді.

1. Аудан әкімі М.Тұрысбековтың 2024 жылы атқарылған жұмыстары туралы есебі.

2. Басқа да мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 31 қаңтар күні сағат 10:00-де Созақ ауданы әкімдігінің кіші мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Жемқорлықсыз болашаққа

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен құжат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» д, мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу - әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

Гүлмира ПАЙЗОВА,
Созақ аудандық қазынашылық
басқармасының бас қазынашысы.

Қоғам дертімен күресейік

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға төңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа тәзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Нұрбану СҰЛТАНҒАЗИЕВА,
Созақ аудандық статистика
басқармасының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«SK-ORDA Invest» ЖШС-і 5.03.2025 ж. Созақ ауданы, Бакырлы ауылы, Жиенбет Батыр көшесі, 13 А, Әкімдік ғимаратында «Созақ ауданы Қаратау ауылында бұрғылау қалдықтары полигонын салу» жобасына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды:

сағат 11.00 -де – ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша.

сағат 12.00 -де - I санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдары бойынша учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары 4923728.66, 399909.86.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «SK-ORDA Invest» ЖШС, БИН 040440034233

Жобаны әзірлеуші: «AgAgency» ЖШС, эл.пошта g_tastanova@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін- <https://ecoportal.kz> және ЖАО «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқару басқармасы» ММ сайтында танысып өтуге болады.

Қосымша ақпаратты алу үшін телефон 87775023058, электрондық пошта g_tastanova@mail.ru

Өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845 Түркістан қ, Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20, ММ «Түркістан облысы бойынша экология департаменті», Түркістан қ, Жаңа қала ш/а, 32 көше, 16 жіберуге болады

Zoom Конференция сілтемесі <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

конференция Идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «SK-ORDA Invest» сообщает, что 5.03.2025 г. по адресу: Сузакский район, с Бакырлы, ул. Жиенбет Батыр, 13 А, в здании сельского Акимата будут проводиться общественные слушания по Проекту «Строительство полигона буровых отходов в с. Каратау Сузакского района»:

в 11.00 часов - по отчету о возможных воздействиях

В 12.00 часов - по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов I категории

Территория воздействия: с. Бакырлы Сузакского района

географические координаты участка и территории воздействия 4923728.66, 399909.86.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО SK-ORDA Invest, БИН 040440034233.

Разработчик экологической документации: ТОО «AgAgency», эл адрес g_tastanova@mail.ru

С материалами, выносимыми на общественные слушания, с протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на портале <https://ecoportal.kz> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области». Дополнительную информацию можно получить по тел 87775023058, эл адрес g_tastanova@mail.ru

Замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания, можно направить ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской», a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845, г. Туркестан, мкр. Жана кала, улица 32,20, ГУ «Департамент экологии по Туркестанской области», г. Туркестан, мкр Жана кала, улица 32, 16.

ссылка на Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

Жемқорлықпен күресу- әрбір азаматтың міндеті

Бұл сыбайлас жемқорлық - қоғам дерті. Жемқорлық-қызметтік лауазымды пайдалана отырып оны жеке мүддеге пайдалану.

Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Тәжірибе көрсеткендей, жемқорлық мемлекеттік басқару жүйесін бұзады, экономиканың дамуына шектеу қояды, әсіресе экономика саласында ұйымдасқан қылмыстың өсуіне мүмкіндік береді, алайда көп жағдайда азаматтардың өзі лауазымды қызметкерлердің осындай қадамға баруы-

бұзушылық фактісі бойынша немесе жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз – онда мемлекет қорғауында боласыз;

—егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз, онда сіз туралы жеке ақпарат мемлекеттік құпия болып есептеледі, тек прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары, салық, кеден қызметі, шекара полициясы мен соттың сұрау салуы бойынша ғана жария етіледі. Бұл ақпарат жария етілсе, заңда бекітіген жауапкершілікке тартылады;

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын «Созақ ауданының Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты» ММ. қызметкерлері бұзған жағдайда мына 47-31 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты.

на себепші болады. Сондықтан да, заң бойынша «алушыға» ғана емес «берушіге» де жауапкершілік артылған.

Осы ретте, егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдем көрсететін болсаңыз, онда сізге қол сұғылмаушылыққа байланысты мынадай мемлекеттік кепілдіктер тағайындалады:

—егер сіз жемқорлық заң

—егер сіз жемқорлықпен күресте жәрдемдессеңіз, қажет жағдайда, жемқорлықпен күресті жүргізіп жатқан органдар сіздің жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуі керек. ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлықпен күрес Агенттігіне хабарласаңыз жемқорлық фактілерін хабарлайтын тұлғаларды қорғау департаменті жұмыс жасайды. Қажет бол-

са, тұлғалады қорғау барысында құпия іс жүргізуге, олардың мекен-жайы, тегі мен тіпті бет-әлпетін өзгертуге де мүмкіндік бар.

Жоғарыда аталған кепілдіктер жалған ақпарат берген тұлғаларға көрсетілмейді.

Осы орайда, Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі ғимаратының кіре берісінде «Сенім жәшігі» орналастырылып, қабырға бетке «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) ілініп тұр. Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратының «Сенім телефоны» 47-31 сымтетігі көрнекі жерге ілініп, аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, тұрақты түрде жұмыс жасалып келеді.

Аталған іс-шаралар жоспарына сай Қарақұр ауылдық округі әкімі аппаратында алдағы уақытта да жұмыстар өз деңгейінде жүргізіле береді. Сыбайлас жемқорлық пен күресуді, оның алдын алуды, тек мемлекеттік органдар ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлетін Қазақстан Республикасының болашағына, жаны ашитын барлық азаматтар жүзеге асыруымыз қажет.

Ғ.БИМЕНДИЕВ,
Қарақұр ауылдық округі әкімі.

Сексеннің сөңгіріндегі осы қарияны ауылдастары қадірлейді, құрмет тұтады. Ол-қарапайымдылығымен, үлкенге үлкендей, кішіге кішідей қарым-қатынас жасап үнемі ізеттілік танытып жүретін кісі.

Өтелбай сонау 1940 жылы жаз айында Алғабас колхозында «Ақ тұма» сазды бұлақта дүниесігін ашады. Өзі қатарлы ауыл балалары сияқты балалық шағы туған жерінде өтті. Шағын колхозда 70-ке жуық жанұя бар еді. Ол кезде ауыл тұрғындары күнделікті тіршіліктерін мал шаруашылығымен, егін шаруашылығымен байланыстыратын. Қазіргідей емес ол уақытта техниканың да аз кезі. Колхоздың бар шаруасы қолмен атқарылатын. Ер азаматтардың барлығы соғысқа кеткен. Елдегі жұмысты жас балалар мен әйелдер атқаратын. Балалар сабақтан қолдары қалт етсе, колхозға көмекке баратын. Кіп-кішкентай болса да олар әжетке жарайтын. Егіс алқапта-

десек артық айтқандық болмас.

Көнекөз қариялардың айтуынша, сол кезде колхозшылар уақытпен санаспай еңбек еткен екен. Таң енді қылаң бере бастағаннан іске кірісіп, түннің бір уағына дейін колхозшылар тыным таппайды ғой.

Әрине балалар да сол кезде әкешелерінің жанына жалау болып, бірге жүрген. Балалықтың бал дәурендерін еңбекпен ұштастырған балалар бойларына ізгі қасиеттерді, еңбекқорлықты, шыдамдылықты, адамгершілікті жинап, тәрбиенің нәрлі бұлағынан сусындаған. Шыңдалған, еңбекте піскен сол балалар мектеп табалдырығын аттағанға дейін үлкендер жағынан мол ғибрат алған. Олар солай есейген.

Өтелбай 1947-1951 жылдары «Алғабас» колхозында бастауыш сыныпты бітіреді. Бастауыш сыныпта өзге сыныптастарына қарағанда сабаққа алғырлығымен көзге түседі. Мұғалімнің айтқанын дереу қағып алып,



мет етіп, ұстаз болуды армандайтын. Кейде қиялға беріліп, сол мамандықтың иесі болсам деген ой санасынан кетпей қоятын. Сол арман жетегімен ол 1959 жылы Шымкент қаласына табан тірейді. Ондағы мақсаты- жоғары білім алу, мықты маман иесі болу еді.

Көптен көкейде жүрген ізгі ойы іске асып 1959-1964 жылдары Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың математика-физика факультетінің математика және сызу мамандығын алды. Сонау бала кезден армандаған ізгі мақсатқа қол жеткізген Өтелбай диплом қолға тиген соң туған жерге қарай құстай ұшты. Ауыл балаларын білім нәрімен сусындатып, биік арман шыңдарына жетелеу басты мақсаты болды.

Абай елді мекеніндегі мектепте еңбек жолын жалғастырады. Аталған білім ұясында талай шәкірттерге білім мен тәрбие беріп, өмірге

Өмірі өнегеммен өрілген

рында жер жырту, дән егу, мал азығын дайындау істеріне бұлар көмек беретін.

Шардарбеков Өтелбай жас кезінен шаруаға бейім алғыр болып өсті. Отбасында алған тәрбие оны еңбекқорлыққа, шыншыл, әділ болуға бейімдеді. Ауылдың үлкендері Өтелбайдың болашағынан мол үміт күтетін. Жастық шағы соғыс жылдарымен жалғасқан ол бала болса да еңбекке бейім болып өсті. Шаруашылықтың науқандық жұмыстарына қолғабыс тигізіп, өзі қатарластарын еңбекке жұмылдырып тындырымды

белсенді оқушы атанады. Сондай-ақ, ол бастауыш сыныптың өзінде зеректігімен танылады. Өзі құралпы балалармен білім бәсекесіне түсіп, талай мәрте озып шығады.

Әкесі Ержанов Ермекбай мен анасы Тайлақбаева Күлай колхоздың малын бағып, шопан болады. Әрине шопандық кәсіп те оңай емес. Жылдың барлық мезгілінде желдің өтінде, далада бел шешпей еңбек ету- бұл кәсіп иелеріне оңай соқпасы белгілі. Колхоз малын жоғалтпай, күйін түсірмей бағу-шопандарға зор жауапкершілік жүктейді.

бірінші орынға қойған. Еңбек ете жүріп, перзенттерінің болашағы жайлы да көбірек ойланған. Әуелі бастауыш мектепті бітірген Өтелбай 1951-1954 жылдары Жыныс ата елді мекеніндегі «Октябрь» колхозында 7 жылдық мектепте білім нәрімен сусындаған. Әрмен қарай оорта мектепті «Ащысай» руднигіндегі М.Горький атындағы орта мектепте оқып, бітіреді.

Сол кезде мектеп бітірген жастар өндірісте жұмыс істеп, шыңдалатын еді. Өтелбай да әке-шешесімен бірге жұмыс істеді. Еңбекке жастайынан

қанаттандырады. Қазіргі кезге дейін шәкірттері хабарласып, ұстаздарына сәлем беріп тұрады. Бала тәрбиесіне бүкіл саналы ғұмырын арнаған ұстаз 1996 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін сол білім ордасында оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Шәкірт тәрбиелеуді басты мақсат етіп ұстанған Ө.Шардарбеков саналы тәрбие мен сапалы білім нәрін жас жеткіншектер бойына егуден ешқашан жалыққан емес.

Өнегелі ұстаздың басты мақсаты-жанұясын асырап бағу әке-шешесіне қарау, бала тәрбиесімен айналысу, шәкірттерге білім беру болды.

Өтелбай 1965 жылы Аженова Есенкүлге үйленіп, отбасын құрды. Ол Түркістан педагогикалық училищесін бітірген. Жарасымды жанұяда жұбайы екеуі 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Өтелбай Шардарбеков 1970-1973 жылдары мектеп директоры, кейін 1996 жылға дейін оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қазір зейнеткерлік демалыста.

Өтелбай Шардарбеков еңбек еткен жылдарында Созақ аудандық мәслихатының «Алғыс хатымен», республикалық «Ел құрметі» қоғамдық қорының атынан қоғамның оң бағытта қалыптасуына ықпал ететін отаншыл, өз саласына қосқан еселі еңбегі үшін «Сертификатпен» марапатталған, сондай-ақ, «Аманат» партиясының «Алғыс хатын» иеленген.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей өмірінің көп жылдарын жастар тәрбиесіне арнаған Өтелбай қария қазіргі кезде де қоғамдық жұмыстардан қол үзбей жастар тәрбиесін назардан тыс қалдырмайды. Өмірден көргенін, көңілге түйгенін кейінгі ұрпаққа үйретуден жалыққан емес. Ұлы Сәкен Шардарбеков әке жолын жалғастырып ұстаздық қызмет атқарып келеді. Қазір ол Т.Әлімқұлов атындағы лицей-интернатта директор болып қызмет атқарады.

«Әке көрген-оқ жонар» деп осындайда айтылса керек.

Өмірі өнегеммен өрілген Өтелбай Шардарбеков қандай құрметке де лайықты азамат.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



тірліктер атқара білді. Колхоздағы 70-ке жуық отбасыға қажетті істерге сол кездегі ауыл балалары тырбанып, тынымсыз жұмыс жасап үлестерін қосты.

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей сол уақыттың тіршілігін көріп өскен, еңбекте шыңдалған жасөспірімдер тәлім мен тәрбиені бойларына қалыптастырды

Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптабы ыстығында ауыр бейнетке шыдаған әке-шешесі балаларының болашақта оқып, білім алып, елге қызмет ететін азамат болып өскенін қалаған. Балаларының бойындағы белгілі бір мамандыққа деген икемділігін ата-анасы дер кезінде байқай білген. Колхоздың маңдай алды шопаны бала тәрбиесін

жақын жүргендіктен болар ол жұмыс жасаудан бойын аулақ ұстаған жоқ. Қайта әке- шешесімен бірлесе жүріп, өндірісте еңбек көрігін қыздырды. Еңбек майданында өзінің бойындағы қарым-қабілетін танытты. Алдыңғы қатарлы жұмысшылар сапынан көрінді. Ұжымында мақтау, марапаттауларға ие болды.

Бала жастан білім саласында қыз-

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.